

Әйтеке би, Мәртөк және Қобда аудандарының кейбір елді мекендерін тарату туралы

Бірлескен Ақтөбе облысының әкімшіятының 2008 жылғы 18 маусымдағы № 212 қаулысы және Ақтөбе облысының мәслихатының 2008 жылғы 18 маусымдағы № 94 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 15 шілдеде № 3258 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11 бабына сәйкес, Әйтеке би, Мәртөк және Қобда аудандарының өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, **облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Тұрақты халқының саны елу адамнан кем құрайтын немесе тұрғындарының бәрі кетіп қалған мына елді мекендер таратылсын:

Әйтеке би ауданы бойынша:

Ақтасты ауылдық округінің Аманкелді ауылы;
Басқұдық ауылдық округінің Басқұдық ауылы;
Қайрақты ауылдық округінің Қайрақты ауылы;
Әйке ауылдық округінің Жаңадәуір ауылы;
Сарат ауылдық округінің Бестас ауылы.

Мәртөк ауданы бойынша:

Хазірет ауылдық округінің Новопокровка ауылы.

Қобда ауданы бойынша:

Жиренқопа ауылдық округінің Ешқырған ауылы;
Білтабанов атындағы ауылдық округінің Қурайлы ауылы;
Бестау ауылдық округінің Еңбекші адай ауылы;
Сарбұлақ ауылдық округінің Әбдібұлақ ауылы.

2. Әйтеке би, Мәртөк, Қобда аудандарының әкімдері (Е.Қ.Есенбаев, А.А.Әмірғалиев, Л.Қ. Исмағамбетова) таратылған ауылдардың жерлерін одан әрі пайдалануға байланысты мәселелерді шешу үшін шаралар қабылдасын.

3. "Ақтөбе облысының статистика басқармасы" ММ (А.Д.Мұқаев) жоғарыда аталған елді мекендерді есепті деректерден шығарсын.

4. "Ақтөбе облысының жер қатынастары басқармасы" ММ (М.Н.Жекеев) жер-кадастр құжаттарына тиісті өзгерістер енгізісін.

5. Осы қаулы және шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Облыс әкімі</i>	<i>Е. САҒЫНДЫҚОВ</i>
<i>Облыстық мәслихаттың сессия төрағасы</i>	<i>Ғ. НҰРЫШЕВ</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ